

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы «Бөбек лүпілі» жеке меншік балабақшасы.

Топ: кіші жас топ «Балдырған»

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 11.03 - 15.03.2024ж.

Педагогтың аты-жөні Далабаева.М.Қ.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу. "Баланың Наурыз мерекесі жайындағы алғашқы ұғымдарын қалыптастырамыз", "Баланы Наурыз мерекесіне дайындыққа қалай қатыстыруға болады?".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус, бальзамин, аспидистра жапырақтарының (қараңғы жасыл, ашық жасыл) түстеріне көңіл аудару, суаруға	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауын қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус, бальзамин, аспидистра жапырақтарының (қараңғы жасыл, ашық жасыл) түстеріне көңіл аудару, суаруға ынталандыру, суару	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ұсақ бөлшектерді өздігінен орнына сала білуге дағдыландыру,

	ынталандыру, суару барысын бақылау.		дағдыландыру; қолының тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау.	барысын бақылау.	әрекеттің барысын бақылау, мақтау, қолдау.
	Ойын-имитация. "Әлди, әлди!" Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Құралдар: қуыршақтар немесе балаларға ұнамды кейіпкер ойыншықтар. Педагог балаларға ойыншықтарын қолға алып, еркін тербету қимылдарын жасауға мүмкіндік береді. Содан соң педагог тақпақты мәнерлеп айта тұрып, балаларды бірге қосылуға тартады. - Әлди, әлди!	Саусақ жаттығуы. "Бесік жыры" (халық ауызынан) Мақсат-міндеттер. Балалардың көркем сөзді айта отыра, саусақтарды кезегімен бүгіп қимылдай білу, ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу. Педагог алақанын ашып, қолын балаларға қаратып, көркем сөзді айта отырып, кезегімен саусақтарын бүгеді. Балалар жаттығудың үлгісін көргеннен кейін педагогке ілесіп қайта орындайды, тақпақты жатқа айтуға тырысады. "Бесік жыры". Әлди, әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат, бөпем. Жілік шағып берейін,	"Шелпек" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Балалардың тілін дамыту, денсаулықты сақтау қағидаларына тәрбиелеу, қолдарды таза ұстауға баулу. Педагог балаларға шелпектердің жасанды пішіндерін табақшаға салып қойып, көрсетуі мүмкін. - Балалар, қараңдаршы. - Біреу табақшаға бізге сыйлар әкеліп қойған сияқты. Бұл не? - Иә, шелпектер. - Шелпекті жеу алдында біз не істейміз? - Дұрыс, қолды	«Наурыз көжені дайында» ойыны. Мақсат-міндеттер: педагогтің сипаттамасынан кейін, сәйкес суретті таба білу. Ойын барысы: фланелеграфқа қазанның суреті бекітілген. (жапсыру, қоршаған ортамен танысу)	"Туған елдің көктемі" тақпағын мәнерлеп оқу, суретпен танысу. Мақсат-міндеттер. Балаларды көктем мезгілі туралы тақпақты тыңдап, қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларға бөленуге үйрету; көктем мезгілі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог тақпақты оқу алдында, балалардың назарын аулаға (күн жылы болып, қар еріп жатса) немесе көктем мезгілі салынған пейзаж суретіне аударады. Тақпақты мимиканың және қолдарының қатысуымен оқуға болады. - Туды көктем!

	Әлди, әлди, бөпешім, Ән сап берем, келе ғой. Жыламашы, көкешім, Жұбатқанға көне ғой. Ұйқың келсе, бөлейін, Тербетейін есікке, Қаз-қаз басшы, көрейін, Барып келші есікке. С. Әлімқұлов (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	Майын жесең, тоясың, Жылауыңды қоясың. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	жуамыз. - Балалар, ал Әли қолын әлі де жумапты. - Әлиге тақпақты айтып берейікші. Әли жеңіске жетпек, Тәртіпті емес, тентек. Жуылмаған қолында, Ай-ай-ай, майлы шелпек. Тақпақты қимылдармен сүйемелдеуге болады. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	Шулы көктем Кең даланы оятты. Күн қызуын құйды көктен, Сең бұзылды, су ақты. Ш. Мәмбетов (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар. 1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, шеңберді екі қолмен ұстау; 1–1 шеңберлерді қолды бүкпей, бастан жоғары көтеру; 1–2 иыққа салып, басқа кию; 1–3 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау). 2. Бастапқы қалып: тік тұрып, құрсауларды екі қолымен төменде ұстау; 2–1 қолды жоғары көтеріп, шеңбер ұстаған қолды бетке жақындатып, басқа кигізу; 2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау); 3. Бастапқы қалып: жерде отырып, аяқты бірге қою, шеңберді екі қолмен ұстап, тізенің үстіне қою; 3–1 оң жаққа бұрылып, шеңберді жерге қою; 3–2 тіктелу; 3–3 сол жаққа бұрылып, шеңберді жерге қою; 3–4 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау). 4. Бастапқы қалып: аяқты бірге қою, құрсауды екі қолмен ұстау;			

	4.–1 бір бағытта жеңіл секіру; 4–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау). (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарак, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. <i>Көркем сөз</i> - Алақай! Алақай! Барамыз дастарханға қарай: Ботқамыз дәмді, аппақ, Болмаймыз сатпақ. Қасықпен алайық, Асықпай асайық. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Құтты болсын Наурыз! Қуанамыз бәріміз! Наурыз көктеммен келді, Бәрекелді! (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Арқан тарту". Мақсат-міндеттер. Балаларды еденге қойылған арқан бойымен түзу жүруге үйрету; арқан бойымен жүру кезінде бірінің артынан бірін жүруге және арқаннан	Музыка "Наурыз – жыл басы". Мақсат-міндеттер. Балаларды музыканың ырғағын ажырата білу қабілеттеріне үйрету; таныс аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; ырғақты қимылдарды есте сақтай	Дене шынықтыру "Қазақтың ұлттық ойыны". Мақсат-міндеттер. Балаларды еденге қойылған арқан бойымен түзу жүру, арқан бойымен жүру кезінде бірінің артынан бірін жүруге және	Дене шынықтыру "Түзу арқан". Мақсат-міндеттер. Балаларды қолдарындағы гүлдерімен шеңбер бойымен салтанатты адымдап, мерекеге сай көңілді жүргізу және шашырай жүгірту; педагогтың белгісі	Сенсорикадан ойын-жаттығу "Әдемі кілем". Мақсат-міндеттер. Балаларды салт-дәстүр ерекшеліктерімен таныстыра отырып, оқу қызметінде орындалатын біркелкі заттарды ортақ сенсорлық сипаттары

	шықпай жүруге дағдыландыру; түзу жүру кезінде аяқты кезекпен бірінің артынан бірін қойып жүрудің тәсілдерін меңгерту.	отырып, әуенмен орындай білуге үйрету; хорда өлең айта білуге үйрету; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету; оркестрлық ұжымға деген қызығушылығын тудыру; Наурыз мерекесі туралы түсінік беру.	арқаннан шықпай жүру іскерліктерін дамыту; түзу жүру кезінде аяқты кезекпен бірінің артынан бірін қойып жүру тәсілдерін жетілдіру; жіңішке арқанның бойымен аяқты қайшылап жүру іскерліктерін дамыту; "Наурыз" мерекесі жайлы білімдерін толықтыру.	бойынша тоқтап, гүлдерін жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта жүргізу; еденге қойылған арқан бойымен түзу жүру және арқан бойымен жүру кезінде бірінің артынан бірін жүруге, арқаннан шықпай жүру іскерліктерін қорытындылау; оқу қызметін пысықтау.	мен көлеміне және түсіне сәйкестендіру қабілеттеріне үйрету; геометриялық денелер мен пішіндердің ортақ қасиеттерін байқап, атауға дағдыландыру; кілем туралы қысқаша түсінік беру.
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және	Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың ағаштардың құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; ағаштардың бүршік атқанын байқату; зейінін, ойлау	Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шикылдаған	Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды, ағаштардың бұтақтарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа,	Көктемгі ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға көктем мезгілі жөнінде жалпы түсініктер беру, күннің жылынуына, құстардың қайтып келуіне назар аудару;

	тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару. "Аспанда". Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. Қ. Мырзалиев. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Бұлттар ұқсап ұшайық" қимыл	кабілеттерін дамыту. - Аулада өседі ағаштар, Бау-бақшада тұрады қатар-қатар. Созады көп бұтақтарын, Желге желпілдеп, шайқалып. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүтіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.	дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. - Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады. - Иә, бұл құстар шикылдайды. - Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;	зеректікке тәрбиелеу. Желдің соққанын байқайық, Желектерге бір қарайық: Жел бұталарды шайқайды, Жапырақтармен ойнайды. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Үйректің балапандары мен күшік" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын	қардың еріп жатқанына, адамдардың жеңіл киім киінгенін байқату; ойлау қабілеттерін, зейінді, жағымды эмоцияларды дамыту. - Балалар, қарандаршы! - Айналада қар еріп жатыр, күн жылыды. - Адамдар жылы киімдерін тастады. - Күніміз бізге күлімдеп тұр, шуақтарымен ойнап. - Көктем, көктем, Құстар көкке. Ұшты жан-жаққа Қонды бұтаққа. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға
--	--	---	---	---	---

	ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету. - Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар. - Мен сендерге "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап "ұшасыңдар". "Аю, тұр, ояншы!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды топтасып бір бағытта, сигнал бойынша қарама-қарсы бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіре білу қабілеттеріне үйрету; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу. - Балалар, күн жылынды, ал апандағы аюымыз әлі	- Қоңырауым қайда? Сыңғырлайды сайда. Кім адапсай тауып алады, Қоңырауды қолға алады. Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды. Педагог келесі реттерде қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады. «Тегіс жолмен жүреміз» ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.	топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Қаздар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге үйрету; жүгіруде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаз құстары боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді	желісін түсініп, кейіпкерлерге еліктеп қимылдауға үйрету; жүгіру және секіру дағдыларын жетілдіру. Педагог балаларға кейіпкерлердің таңбалауыштарын үлестіреді. - Балалар, үйрек суда жүзуді ұнатады, былай қимылдайды. Педагог қолдарын сәл артқа салып, шағын адымдармен жүруді көрсетеді. - Қанекей, қайталайықшы. Жарайсыңдар. - Ал күшік қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші? - Жарайсыңдар! - Балапандар, балпандандар! Басқа балапандардан қалмандар! Қаңқылдаймыз, қаңқылдаймыз: Қаңқ-қаңқ-қаңқ! Қаңқ-қаңқ-қаңқ!	машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Жүрейік" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Балалардың саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. - Жүрейік, жүрейік, Қолды көкке сермейік, Күнге сәлем берейік, Шапалақтап, күлейік. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі. Педагог балалардың жүрудегі қауіпсіздігін бақылай жүреді. "Доптар сияқты секірейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында
--	---	---	---	---	--

	ұйықтап жатыр екен. - Қанекей, барлығымыз бірге барып, аюды оятайықшы. - Аю оянып кетсе, қолға ұсталып қалмандар, қашуға тура келеді. - Аю, тұр, ояншы! Қандай ұйқыжансың! Аспанға қарайық, Құстарды тыңдайық. Педагог аюдың кейіпкерін өзі сомдап, немесе ойыншық аюды отырғызып қоя алады. Балалардың жүгірудегі қауіпсіздігін қадағалайды. "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге		менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап, барлығың жүгіресіңдер. Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақ қарама-қарсы жерге барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір- біріне соғылмауын ескеру керек. - Қазым, қазым, қалқылда, Көлде жүзіп салқында. Жем шашайын - жейсің бе, Кәмпит берші дейсің бе? - Жоқ, жоқ, Кәмпит, тәтті болмайды ас,	Ал күшігім жүгіреді, - Ап-ап-ап! Ап-ап! - үреді. - Сен, күшігім, соқтықпа! Үйректерді қорқытпа! Алғашында педагог күшіктің рөлін өзі ойнайды. Балалар жан-жаққа қашады. Ең соңындағы сөздер айтылғанда бір жерге жиналады. "Ирелендеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ирелендеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.	екі аяқпен сигнал бойынша секіре білу қабілеттерін дамыту; шымырлыққа, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.
--	--	--	--	--	---

	дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.		Арпа менен бидай шаш. С. Бегалин "Аяқ ұшына тұрып, ақырын жүрейік" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқ ұшымен жүре білу қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе- теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру.		
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарак, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. <i>Көркем сөз</i> - Алақай! Алақай! Барамыз дастарханға қарай: Ботқамыз дәмді, аппақ,				

	Болмаймыз сатпақ. Қасықпен алайық, Асықпай асайық. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	"Мейірімді мысық" (белді бүгіп, басты жоғары көтеру). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Бесін ас	"Қолды қалай дұрыс жуу керек». Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру. Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар "Қуыршақ Дананы Наурыз мерекесінің дастарханына шақырайық". Мақсат-міндеттер. Балаларға Наурыз мерекесі туралы түсінік беру; күнделікті тұрмыста қолданылатын ыдыстар түрлерімен таныстыру және атауларын үйрету; дастарқан мәзірінің	Жапсырудан ойын-жаттығу "Алаша". Мақсат-міндеттер. Балаларды көлденең жатқан қағаздың үстіне солдан оңға қарай жіңішке таяқшаларды бірі-бірінен белгілі қашықтықта орналастырып, бір-бірлеп жапсырып, безендіруге үйрету; желімді пішіндерге қылқаламмен жағып, жапсыруға жаттықтыру;	"Мен Бауырсақпын" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Балалардың тілін дамыту, есте сақтау, тақпақты айта отырып, жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілеттерін дамыту; "Бауырсақ" кейіпкерінің сөздерін пысықтау. Бауырсақтың	Сурет салудан ойын-жаттығу "Бауырсақтар". Мақсат-міндеттер. Балаларды дөңгелек қағаз бетін "табақты", үлкен домалақ "бауырсақтарға" толтыруға үйрету; бормен қалдырып жатқан іздердің бағытын бақылап отыруға дағдыландыру; дөңгелек пішіннің дұрыс болуын	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Шәйнек". Мақсат-міндеттер. Балаларды үй шаруашылығында қолданылатын затты бақылай білуге үйрету; шәйнектің құрылымы мен адамға тигізер пайдасы туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру; шәйнектің шай беру рәсіміндегі орнына

	маңызы туралы ұғым бере отырып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру. Балалардың ыдыстар атаулары арқылы зейіні мен тілін, байқағыштығы мен дүниетанымын және есте сақтауын дамыту.	пішіндер үстінен басу іскерлігін пысықтау; балалардың байқағыштығы мен зейінін, қолдың ұсақ моторикасы мен түс пен пішінді қабылдау қабілетін дамыту; балаларда декоративтік шығармашылық қабілет негіздерін салу және жапсыру іс-әрекетіне қызығушылықтарын қалыптастыру; қазақтың ұлттық өнеріне деген мақтаныш сезіміне тәрбиелеу.	"Бауырсақ" ертегісі кейіпкерлерінің жеке суреттерін немесе ойыншықтарын қолдануға болады. - Мен Бауырсақпын, Бауырсақ, Қып-қызыл болып піскен. Қоймадан сыпырылған, Бұрыштардан жиналған, Қаймаққа аунаптың, Ыстықтан суытылған. (Әуеннің сөзсіз орындалуы) – Ол атадан қашып кеткен, Ол әжеден қашып кеткен, Ол қояннан қашып кеткен, Ол қасқырдан қашып кеткен. – Ал, сенен, маймақ аю, Қашып кету қиын емес. (сөйлеуді дамыту және көркем	қадағалауға жаттықтыру; қағаз бетін суретке толық толтыру қабілетін қалыптастыру; Наурыз мерекесіне дастарқан жаю рәсімімен таныстыру. "Құрастырудан ойын-жаттығу ""Қонжыққа төсек"". Мақсат-міндеттер. Балаларды үш кірпіштен төсек құрастыруға үйрету; құрылыс материалдарының тұрақтылығы жөнінде ұғымдарын толықтыра отырып, олардың қасиетін іс-тәжірибеде тексеруге жаттықтыру; педагогтің тәсілдерін түсініп, орындау қабілетін дамыту; өз қимылдарын сөздер мен фразалар арқылы сүйемелдеуге шақыру; құрылыс нәтижесіне қарап, ойын желісіне қосылуға машықтау.	көңіл аударуға баулу.
--	--	--	--	---	------------------------------

			әдебиет, дене шынықтыру)	Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдай отырып, олардың кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, байқағыштығы мен ақыл-ойын дамыту."	
Балалармен жеке жұмыс	«Киіз үй». Кел, балалар, тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. (шеңбер бойымен қол ұстасып тұрады) Шаңырақты көтеріп, Керегені құрайық. (қол ұстасып оларды көтереді) Уықтай иіліп, Шаңыраққа қосылып. (бір тізеге отырып, қолдарын шеңбердің ортасына қосады) Киіз үйді құрайық. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	"Наурыз" мәнерлеп оқу. Қарды ерітіп жылғасы, Наурыз келді – жыл басы. Шуақ төкті жарық күн, Мейрамында халықтың. Бата беріп атамыз, Бата беріп апамыз. Тәтті болып жасалған Наурыз дәмін татамыз. Б. Жақыпов (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	"Қаз-қаз бас" өленің қайталау. Қаз-қаз-қаз, Қаздаң бас. Бір, екі, үш, Аздан бас. Қаз-қаз бас, Құлама. Құласаң, Жылама! (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	"Дана қуыршақты қол орамал қолдануға үйретеміз" сюжетті-дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: жеке басының заттарын қолдану дағдыларын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	Артикуляциялық жаттығу. - Саң - саң, бассаң. - Ді - ді, кер - меу - ің - ді. Кермеуінді. - Ін - ін, шешейін. - Ды - ды, тұсауынды. - Ды - ды, та - қы - мың - ды. Тақымынды. - Қа - қа, қа - да - мы - на. Қадамына. (сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы". Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Серуен	Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Өртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояу, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Фланелеграфта қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, дамытушы ойындар. (сенсорика) Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), өртүрлі көлемдегі заттарды атау. Табиғат бұрышын қарастыру. (қоршаған ортамен танысу) Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дөрекілікке, сарандыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Баланың Наурыз мерекесі жайындағы алғашқы ұғымдарын қалыптастырамыз", "Баланы Наурыз мерекесіне дайындыққа қалай қатыстыруға болады?"
--	--

Тексерген: Бекишева М.А. 